

## **Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Қабыл ауылы аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 4 маусымдағы № 7 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 маусымда № 3926 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің 28.11.2016 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 2 маусымдағы № 157 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, ауылдық округ әкімі

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Қабыл ауылының аумағында ұсақ мал арасында бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

**2. Алып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 08.09.2015 № 15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етуін және орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК